

Торайғыров университеті
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университет

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 3 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPYU00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

Бас редакторы – главный редактор

Бегентаев М. М.

д.э.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Абибуллаева А.,

д.п.н., профессор

Бурдина Е. И.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Торайгыров университета» обязательна

Г. К. Маликова, Е. Жуматаева

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Мақалада дүние жүзілік білім беру жүйесі ретінде қалыптасқан жоғары білім беру мектебінің көптеген ғасырлық тарихы сараланып, әлемдегі, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының пайда болуы мен дамуының өзіндік жолы баяндалады. Адамзат тіршілігінің негізгі міндеттерінің бірі-білім алу. Қандай мемлекет болмасын, өркендеу жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік мәртебесінің көрсеткіші – сол елдің білімінің дәрежесімен байланысты. Өркеніет шыңындағы елдер қатарына ену-бәсекеге қабілетті мамандардың сапа деңгейімен, санымен өлшенеді. Сондықтан жастардың сапалы білім алуына мемлекет мүдделі. Аталған мәселеде бірнеше жікке бөлінетін ғалымдар пікіріне методологиялық талдау жасалды. Түп тамыры – философиялық мектеп, медреселер, музейлер мен эфебияларда жатқан институт, университеттер мен академиялардың интеграциялық даму сатысы, білім мазмұнындағы өзгерістер мен университеттердің барлық кезеңге ортақ басты қағидалары айқындалады.

Кілтті сөздер: жоғары оқу орны, білім, ғылым, университет.

Кіріспе

Қазіргі кезеңдегі адамзат тіршілігінің негізгі міндеттерінің бірі- білім алу. Қандай мемлекет болмасын, өркендеу жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік мәртебесінің көрсеткіші – сол елдің білімінің дәрежесімен байланысты. Яғни, әлемдегі дамыған, өркеніет шыңындағы елдер қатарына ену – бәсекеге қабілетті мамандардың сапа деңгейімен, санымен өлшенеді. Бүгінгі жас – ертеңгі мемлекеттің тұтқасын ұстаушы маман, халық тағдырын шешуші азамат. Сондықтан жастардың сапалы білім алуына мемлекет мүдделі. Ал балабақшадан басталатын білім ордалары – мектеп, гимназия, лицей, колледж, институт, академия, университет –

өркениетті қоғамға тән толыққанды тұлға тәрбиелеудің сатылары екені анық. Аталған оқу орындарының ішіндегі біздің – объектіміз – жоғары оқу орны. Жалпы дүние жүзілік білім беру саласында бәсекеге қабілетті және экономиканың индустриялық-инновациялық дамуының заманауи қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған жоғары тиімді білім беру жүйесін қалыптастыру міндеті Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңынында баяндалған. «Жоғары оқу орындары – экономиканың, ғылым мен мәдениеттің түрлі салалары үшін жоғары білімді мамандар даярлайтын оқу орындары. Жоғары оқу орындарына академиялар, университеттер, институттар тағы басқалар жатады» [1].

Зерттеудің әдістері мен нәтижелері

Жоғары білім беру мектебі, дүние жүзілік білім беру тәрбие жүйесі ретінде, көптеген ғасырлық тарихи даму жолын басынан өткерді. Әлемдегі жоғары оқу орындарының пайда болуы мен дамуының өзіндік сара жолы, тарихи тізбегі бар. Аталған мәселеде ғалымдар пікірі бірнеше жікке бөлінеді. Бірі - жоғары білім сатысы б.з.д. бірнеше мың жыл бұрын Ежелгі Шығыстан басталатынын жақтаса, екіншілері – Грекияда, ал үшіншілері – Константинопольде бастау алғандығын алға тартады. Қалай болғанда да олардың барлығының түп тамыры – философиялық мектеп немесе медреселер, музейлер екендігі даусыз. Университеттер аталған білім мен ғылым, зияткерлік орта ретінде дүниеге келіп, білім іздеушілер мен білім берушілердің өзара пікірталас алаңқайларына, байланыс жасау ордаларына айналып, кейін интеграциялық даму сатысы арқылы жоғары оқу орны дәрежесіне көтерілгендігі айқын. Оған тарихи фактілер дәлел. Салыстырмалы түрде алғашқы университеттер шығыста пайда болған деген пікірдің жақтаушылары оны тұңғыш рет «988 жылы Египеттің астанасы болып табылатын Каирде әл-Асқар мешітінде Фатимидтер әл-Асқар университетін құрды» [2, 15] деген тоқтамға келсе, «Әлемдегі тұңғыш жоғары оқу орны біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасырда Ежелгі Грекияда» [1] құрылғанын дәйектейтін зерттеу еңбектері бар. Б.з.д. IV ғасырда философиялық ізденістің алғашқы бірегей өкілі, ежелгі грек философы, математик, Сократтың шәкірті, еуропалық идеализм философиясының негізін салушы Платон (шын есімі-Аристокл) Ежелгі Грецияда жоғары оқу орнының алғашқы үлгілерінің бірін құрған. Ол б.д.д. 387 жылы Афин маңындағы «Akademos» деген мифтік батырдың атындағы тоғайда философия мектебін ашады. Оқу орны сол батырдың есімін иеленеді де, «академия» деген атауға ие болды. Ол мың жылдан астам қызмет етіп барып жабылған.

Ал Платонның шәкірті, ежелгі грек философы Аристотель «Афинадағы Аполлон Ликей храмында – Ликей деп аталатын оқу орнын ашады. Ол ежелгі

грек тілінде Λύκειον, лат. Luceum [3, 11]. Ликейде негізінен философияны, физиканы, математиканы және табиғат жөніндегі басқа да ғалымдар оқытылған. Оны қазіргі лицейдің шыққан тегі деуге болады. Сондай-ақ, Эллин дәуірінде Птолемеем негізін қалаған Мусеум (лат. Museum) математика, астрономия, филология, жаратылыстану, медицина, тарих сияқты сабақтардан Архимед, Евклид, Эратосфен тәрізді ғалымдар дәріс береді. Мусеум кітаптар мен басқа да мәдени құндылықтардың ең маңызды қоймасы болған. Бұл қазіргі таңдағы заманауи музейдің түп төркіні. Ежелгі Грециядағы жоғары оқу институттарының басқа нұсқалары философиялық мектептер мен әскери-спорттық бейіндегі оқу-тәрбие орындары, яғни эфебиялар болған. Одан кейін Константинопольде құрылған жоғары Мектеп-Аудиториум (лат. audire – тыңдау) императорлық мектебінің негізгі құрылымы әр түрлі ғылымдар кафедраларынан тұрды. Сабақ латын және грек тілдерінде, көпшілік алдында пікірталастар түрінде өткізілген атақты мектепте антикалық мұра, метафизика, философия, діншілдік, медицина, музыка, тарих, этика, саясат, құқық, заң салалары зерттелді. Ал ислам өмірінде Бағдатта (850 жылы) Даналық үйлерінің пайда болуы білім берудегі айтарлықтай оқиға болды. Даналық үйлерінде ірі ғалымдар мен олардың шәкірттері бас қосып, пікір талас, әдеби шығармаларды қызу талқыға салып, талдау істерімен айналысқан. Шығармалар дайындап, дәріс оқыған. XI–XIII ғасырларда Бағдатта жаңа оқу орындары медресе пайда болып, ол ислам дүниесіне барынша таратылды. Оның ең атақтысы осы қалада 1067 жылы ашылған Низамейн Медресесі.

Осылайша шығыста лекция залдарымен, бай кітапханаларымен, ғылыми мектебімен, басқару жүйесімен университет типіндегі мектептердің пайда болуы Еуропа университеттерінің дамуына негіз болды. Ислам дүниесіндегі бұл білім беру жүйесі Еуропаға әсер етіп XI ғасырдың соңы, XII ғасырдың басында бірнеше кафедралық және монастырлық мектептер ірі оқу орындарына айналады да, кейін «университеттер» деген атқа ие болды. «Universitas» латын тілінен аударғанда «жиынтық» деген мағына береді [4, 82]. Мәселен, бұл күнгі Еуропадағы ең беделді жоғары оқу орны Франциядағы Сорбонна университеті медициналық және заң мектептерінің бірігуі нәтижесінде 1200 жылы пайда болған. Неаполь, Оксфорд, Кембриж, Лиссабон және т.б. университеттері де дәл осындай жолмен құрылған.

Францияның королі IX Людовиктің жеке рухани қызметкері болған діндар Робер де Сорбонна монархқа жағдайы төмен отбасының балалары үшін университеттің бір бөлігі болатын дін ілімі колледжін құруды ұсынады. Үш ғасырдан кейін бұл колледж жеке факультет болады, ал университетке Сорбоннаның есімі беріледі. «Бұл күні аталған жоғары оқу орнына жыл

сайын 23 мыңға жуық студент түседі. Ғылыми-оқытушылық құрам 1300 адам [5].

Европадағы алғашқы университеттер Р. Бэкон, Я. Гус, А. Данте, Дж. Уинкил, Н. Коперник тәрізді ойшылдардың есімдерімен тығыз байланысты. Тұңғыш жоғары оқу орындары көшпелі, жылжымалы сипат алған. Соғыс немесе оба болған жағдайда университеттің басқа қалаға, тіпті басқа елге көшірілуіне мүмкіндік беріледі. XIII ғасырдың екінші жартысында университеттерде факультеттер мен колледждер ашыла бастайды. Алғашында 3–7 жыл профессордың жетекшілігімен оқыған студентке бакалавр дәрежесі берілсе, кейін магистр, доктор немесе миценат ғылыми атақтары пайда болды. Ал Ресейде жоғары білімнің дамуына М. В. Ломоносов зор үлес қосты. Ол тәжірибемен тексерілмеген, силлогизм формасындағы схоластикалық талдаушылық тұрғыдағы оқытуды нақты ғылымдарға негіздеген зияткерлік ғылымды дамытуға бет бұрғызды. Ломоносов 1755 жылы құрылған Мәскеу университетінің ұйымдастыру құрылымын, оқу жоспары мен бағдарламасын өзі жасаған. Қазақ жеріндегі тұңғыш оқу ордасы, яғни алғашқы училище Бөкей ордасында дүниеге келген. Ел ішінде «Жәңгір мектебі» деп аталған білім ордасы XIX ғасырдың 41 жылы Жәңгір ханның қолдауымен ашылған. Оқу орнының шығындарын хан өзі өтеп отырған. Зерттеушілердің айтуынша, мектептің алғашқы мұғалімі де өзі болған. Қазақтан шыққан тұңғыш генерал-майор Шәкір Жексенбаев, дәулескер күйші, төкпе күйдің атасы Дәулеткерей Шығайұлы, ал қыздар мектебінен тұңғыш металлургия инженері Мәдина Бегәлиева, тұңғыш дәрігер Мүбина Ниязова тәрізді көптеген қайраткерлер оқып шыққан. Бұл екі сыныптық мектеп кейін төрт сыныпқа, одан кейін қалалық мектепке айналған. Біраз уақыттан соң жанынан мұғалімдер даярлайтын педагогикалық курс (колледж) ашылып, кеңейеді. 1920 жылы Ордада Бөкей халық ағарту бөлімі Бөкей ағарту институтын құрды. Жалпы Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны – 1928 жылы Алматыда ашылған Қазақ педагогика институты. Алғашқы жылы онда 124 студент, 9 мұғалім болған. Алғашқы оқытушылары қатарында Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Құдайберген Жұбанов және тағы басқалар дәріс оқыпты.

Орыс философы, педагог Сергей Иосифович Гессеннің жіктеуі бойынша университет білімінің басты қағидалары:

- 1 Университет ұсынған ғылыми білімнің толықтығы;
- 2 Оқу және оқыту процесінде еркіндік пен шығармашылық рух;

3 Оқытушылар мен ғалымдарды дайындау арқылы университеттің өзі-өзі толықтыру қабілеті [6, 95]. Бұл қағидаттар қай дәуірде, қандай тарихи өзгерістер болғанына қарамастан кез келген университетке тән принциптер болуы тиіс.

ҚР Тұңғыш президенті Н. Ә. Назарбаев «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс» [7] деген бағдарламалық ұран беріп, алдағы онжылдықты индустриялық-инновациялық дамудың үдемелі онжылдығы деп жариялаған болатын. Аталған мақсат өзінің өткірлігін, өзектілігін қазіргі уақытта да жоғалтқан жоқ. Сондықтан зияткерлік әлеуеті шоғырланған жоғары оқу орындарына жүктелетін жауапкершілік пен міндет ерекше және көп.

Жоғары білімнің басты мақсаты – адамның өзін-өзі дамытуы, жаңалықты сіңіруге қабілетті маманның шығармашылық келбетін жасау екендігі анық. Аталған мақсатты орындау – оқыту парадигмасынан білім беру парадигмасына қаншалықты дұрыс өтуге байланысты. Бұл күнгі тірліктің шындығы сол – жоғары оқу орнының түлегі дайындықтың қандай бағыты болмасын тұрақты жеке кәсіби білім алу ісіне сақадай сай болғаны абзал. Экономика мен әлеуметтік жағдайдың, еңбек нарығының күрт ауытқулары, жаңа технологиялық құралдардың қарыштап дамуы, ақпарат айналымының тездігі, қомақты білімді ғана емес, жаңашылдыққа жауап беретін қарым мен ақпараттық тасқынға қарсы тұра алатын қабілетті, білімінді жүзеге асыра алатын икемділікті де талап етеді. Яғни, студент жоғары оқу орнының білім мазмұнындағы пәндерден білім алып қана қоймай, оны шынайы өмірде пайдалану дағдыларын меңгеру, зерттеу жұмыстарының әдістерін игеріп қана қоймай, тың ғылыми мағлұматтарды өздігінен саралап, білімін жетілдіру керектігі – заман, уақыт талабы.

Қорытынды

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Республикамыздың Конституциясы, жоғары білім беру туралы заң және мемлекеттік саясаттың білім беру саласындағы тұжырымдамалары өзгерді, жаңаша бағыт пайда болды. Бұл құжаттар жеке білім беру жүйесін құру және дамыту үшін заңды негіз болды. Кейбір жоғары оқу орындарын жекеге ауыстыру және мемлекеттік емес жаңа жоғары оқу орындарын жекеге ауыстыру және мемлекеттік емес жаңа жоғары оқу орындарын қалыптастыру жоғары мектепті басқарудың құрылымын өзгертіп, білім беру процесін толығымен жаңартуға мүмкіндік берді. Дегенмен еліміздің педагогикалық элитаға мұқтаж екендігін жасыра алмаймыз.

Жоғары білімнің үш деңгейлік жүйесінің енгізілуі сонымен бірге, білім беру бағдарламаларының аумағының кеңеюі мен олардың нарықтық экономика талаптарына сәйкес бейімделу деңгейін күшейтуге негізделген. Жоғары білім берудің аталған моделінің іске қосылуы өзекті. Еліміздегі жоғары білімнің үш деңгейлі моделінің бағыттары кей мамандықтардың

қысқарып, кей пәндерді біріктіру процестерінен өткізуде. Бұл – еңбек нарығының талабы. Қазақстанның жоғары білім жүйесінің бүгінгі бағытының оң тұстарының бірі - институционалдық құрылымдардың, оқу мазмұнының әртараптандырылуы. Түйіндей келе сан ғасырлық тарихы бар жоғары білім беру жүйесінің бүгінгі келбеті – ойлау өнерін меңгерген, сан қырлы қабілетке ие, шығармашылық деңгейде қызмет ете алатын, білім бәсекесіне дайын жеке тұлға тәрбиелеуді мақсат етуінде болып табылады.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Реформа и развитие высшего образования. Программный документ. – Париж : Изд-во ЮНЕСКО, 1995.

2 **Омаров, Д.** «Ел». – Астана, 2001.

3 Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона : в 86 т. (82 т. и 4 доп.). – СПб., 1890–1907.

4 Словарь русского языка : 4-том. – Москва : Полиграфресурсы, 1999.

5 Сорбонна университетінің ресми сайты: [Электронды ресурс]. – <http://www.paris-sorbonne.fr/>

6 **Гессен, С. И.** «Основы педагогики. Введение в прикладную философию». – М. : Наука, 2012.

7 **Екибаева, А. М.** Совершенствование системы повышения квалификации преподавателей высшей школы в условиях реформирования образования : дисс. на соискание к.п.н. – Алматы, 138 с.

8 **Тұрлыбеков, Б. Д.** Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін әлеуметтік институт ретінде зерттеу (социологиялық талдау) : Социол. ғылымд.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дис. Қ. А. Ясауи атын. Халықаралық қазақ-түрік ун-ті. – Түркістан, 2008. – 140 б.

9 **Искаков, Б. М.** Реформирование высшего образования в Казахстане в контексте Болонского процесса : трехуровневая система. // Вестник образования. – 2013. – № 3(16). – С. 38–40.

10 **Бекенова, А. Н.** Система менеджмента качества в условиях высшего образования. // Вестник КГУТиИ им. Ш. Есенова. – 2010.

References

1 Reforma i razvitie vysshego obrazovaniia. Programmnyi dokúment. [Reform and development of higher education. Program document]. – Paris : UNESCO Publishing house, 1995

2 **Omarov, D.** «El» [D. Omarov «El»]. – Astana, 2001.

3 Entsiklopedicheskiı slovar Brokgaýza ı Efrona [Brockhaus and Efron Encyclopedia: in 86 t. (82 t. and 4 additional)]. – St. Peterburg, 1890–1907.

4 Slovar rýsskogo ıazyka [Dictionary of the Russian language] 4-volume. – Moscow : Polygraph Resources, 1999.

5 Sorbonna ýniversitetiniń resmı sarty [Sorbonne universitetinin resmi sites] : [Электронды ресурс]. – <http://www.paris-sorbonne.fr/>

6 **Gessen, S. I.** «Osnovy pedagogiki. Vvedenie v prikladnyıy filosofiyı» [«Fundamentals of pedagogy. Introduction to applied philosophy»]. – M. : Nauka, 2012.

7 **Ekibaeva, A. M.** Sovershenstvovanie sistemy povysheniia kvalifikatsii prepodavatelei vysshei shkoly v ýsloviıah reformirovaniia obrazovaniia [Improving the system of professional development of higher school teachers in the context of education reform] Diss. for the PhD – Almaty, 138 p.

8 **Turlybekov, B. D.** Qazaqstannyń joǵary bilim berıy júesin áleymettik instityt retinde zertteıy (sotsiologıalyq taldaıy) [Kazakstannyn Geary Bilim take gysn leumit rende Institute, Pavlodar (sociological of thalgau)]: Sociology.gylymd. kand.scientific driesen Alu ushin of dıng. dis. .and. Jasauı of Atin. Halyard Kazakh-Turk University ti. – Turkestan, 2008. – 140 p.

9 **Iskakov, B. M.** Reformirovanie vysshego obrazovaniia v Kazahstane v kontekste Bolonskogo protsessa : trehyrovnevaıa sistema [Reformation of higher education in Kazakhstan in the context of the Bologna process : a three-level system]. In Bulletin of education. – 2013. – № 3(16). – P. 38–40.

10 **Bekenova, A. N.** Sistema menedjmenta kachestva v ýsloviıah vysshego obrazovaniia [Quality management System in higher education]. In Bulletin kgee im. Sh. Yessenov. – 2010.

Материал 30.09.20 баспаға түсті.

Г. К. Маликова, Е. Жуматаева

История и направления системы высшего образования

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 30.09.20.

G. K. Malikova, E. Zhumatayeva

History and directions of the higher education system

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 30.09.20.

Один из этапов человеческой деятельности – получение образования. Показателем процветания любого государства, его социально-экономического статуса выступает степень образованности этой страны. Фактор вхождения в число высокоцивилизованных стран измеряется количеством и степенью интеллектуальности конкурентоспособных специалистов. Поэтому любое государство заинтересованно в получении молодежью качественного образования.

В статье производится обзор вековой истории школы высшего образования, сформированной как система мирового образования, истории формирования и развития вузов в Казахстане. Осуществляется методологический анализ научных точек зрения по данному вопросу. Определяются основные принципы интеграционного развития институтов, университетов, академий, восходящих к философским школам, медресе, музеям и эфебиям, выявляются изменения в содержании образования.

Ключевые слова: высшее учебное заведение, образование, наука, университет.

One of the stages of human activity is getting an education. An indicator of the prosperity of any state, its socio-economic status is the degree of education of this country. The factor of entering the number of highly civilized countries is measured by the number and degree of intelligence of competitive specialists. Therefore, any state is interested in getting high-quality education for young people.

The article reviews the age-old history of the school of higher education, formed as a system of world education, the history of the formation and development of universities in Kazakhstan. Methodological analysis of scientific points of view on this issue is carried out. The main principles of integration development of institutes, universities, academies that go back to philosophical schools, madrassas, museums and ephedias are defined, and changes in the content of education are identified.

Keywords: higher education, science, education, university.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 19.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,66 Мб RAM

Шартты баспа табағы 36,5.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3701

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 19.10.2020 г.

Электронное издание

2,66 Мб RAM

Усл.п.л. 36,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3701

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz